

## **"Түркі академиясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 маусымдағы № 657 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Түркі академиясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н*

*Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*К.Мәсімов*

Жоба

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

#### **Түркі академиясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы**

2012 жылғы 23 тамызда Бішкекте жасалған Түркі Академиясын құру туралы Келісім ратификациялансын.

*Қ а з а қ с т а н*

*Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

### **ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Әзербайжан Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Түрік Республикасының үкіметтері,

- 2009 жылғы 3 қазандағы Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісімінің шарттарына сілтеме жасай отырып;

- 2010 жылғы 16 қыркүйекте Стамбул қаласында қол қойылған Түркітілдес мемлекеттер басшыларының 10-шы Саммитінің Декларациясын назарға ала отырып,

Түркі Академиясын құру қажеттілігін тани отырып;

- түркі халықтарын ортақ күш-жігерге біріктіретін және бағыттайтын түркі мәдениетінің тарихи және рухани рөлінің маңыздылығын тани отырып;

- түркі халықтарының адамзаттың тарихи-мәдени мұрасына және әлемдік өркениетті дамытуға қосқан үлесін назарға ала отырып;

- түркітілдес мемлекеттер мен халықтар арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайту үшін білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамытуға берік бекіне

о т ы р ы п ;

- академиялық зерттеулер мен білім беруге жәрдемдесу арқылы түркі

халықтарының интеграциясына жәрдемдесуге ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Осы арқылы Тараптар Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің (бұдан әрі «Түркі Кеңесі» деп аталатын) аясында халықаралық ұйым нысанындағы Түркі Академиясын құрады.

## **2-бап**

Түркі Академиясының мақсаттары мен міндеттері:

- түркі тілдерінің, әдебиеті мен мәдениетінің диахрондық зерттеулерін сақтауға, дамытуға және кеңінен танытуға бағытталған түркология саласындағы зерттеулерді үйлестіру және оларға жәрдемдесу;
- түркологияны және түркология бойынша ғылыми зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу;
- жалпы түркі тарихы мен этнографиясын кешенді оқытуды жүзеге асыру;
- түркі халықтарының мәдени және рухани мұрасына, олардың әлемдік өркениетті дамытуға қосатын үлесіне зерттеулер жүргізу, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықты олардың жетістіктері туралы хабардар ету;
- Тараптардың, сондай-ақ басқа да түркітілдес мемлекеттердің ғылыми қоғамдастықтарының, мәдени және білім беру топтарының, тиісті мемлекеттік мекемелерінің бастамаларына жәрдемдесу және оларды көтермелеу;
- ортақ көне мәтіндер мен ауызекі дереккөздерді қоса алғанда, түркі тілдерінің бүкіл әлеуетін пайдаланып, барлық түркі халықтары үшін ортақ әдеби тіл жасауға ұмтылу;
- барлық түркі тілдері үшін қолданылатын жинақталған әліпби әзірлеу;
- Тараптар мемлекеттері оқу орындарының пайдалануы үшін ортақ оқулықтар/әдістемелік материалдар дайындау мақсатында зерттеулер жүргізу;
- Түркі Академиясына жұмысқа тартылған зерттеушілер үшін PhD докторантура бағдарламасы бойынша түркітанушы мамандар даярлау болып табылады.

## **3-бап**

Түркі Академиясының орналасқан жері Қазақстан Республикасы, Астана қаласы болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Түркі Академиясы үшін тиісті ғимарат береді.

## **4-бап**

Академия халықаралық ұйым ретінде жұмыс істейді, оны басқаруды құрамына әрбір Тараптан бір-бір өкілден, сондай-ақ Түркі Академиясының Президенті және вице-президенттері кіретін Ғылыми Кеңес жүзеге асырады. Ғылыми Кеңеске төрағалық студі Тараптар мемлекеттерінің ағылшын тіліндегі ресми атаулары бойынша әліпбилік тәртіпке сәйкес жыл сайын ротациялық (кезектесетін) негізде Ғылыми Кеңес мүшелері жүзеге асырады.

Ғылыми Кеңес шешімді көпшілік дауыспен қабылдайды.

Түркі Академиясы атқарушы органының функцияларын Ғылыми Кеңестің ұсынысы бойынша Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің Мемлекет басшылары кеңесі (бұдан әрі «МБК» деп аталатын) тағайындайтын Президент жүзеге асырады. Президент азаматы болатын Тарап мемлекетін қоспағанда, вице-президенттер әрбір Тарап мемлекетінен тағайындалады.

Президент Тараптар мемлекеттерінің азаматтары арасынан жаңарту негізінде төрт жылдық кезеңге қайта тағайындалады. Тұңғыш Президент Қазақстан Республикасының азаматтары арасынан тағайындалады, келесі Президенттер Тараптардың ағылшын тіліндегі ресми атаулары бойынша әліпбилік тәртіпке сәйкес тағайындалады. Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия.

Кезек күттірмейтін шараларды талап ететін немесе әрекетке қабілетсіздікке әкелетін науқас болған жағдайларда, Президент Ғылыми Кеңестің ұсынысы бойынша МБК шешімімен атқаратын лауазымынан шеттетілуі және/немесе босатылуы мүмкін.

Вице-президенттерді Тараптар мемлекеттерінің азаматтары арасынан қайта жаңарту негізінде төрт жылдық кезеңге Ғылыми Кеңес тағайындайды.

Кезек күттірмейтін шараларды талап ететін немесе әрекетке қабілетсіздікке әкелетін науқас болған жағдайларда, вице-президенттер Ғылыми Кеңестің шешімімен атқаратын лауазымдарынан шеттетілуі және/немесе босатылуы мүмкін.

Ғылыми зерттеулердің бағыттарын Ғылыми Кеңес айқындайды. Зерттеушілерді тартуды олардың ғылымға сіңірген еңбегін ескере отырып, Түркі Академиясы жүзеге асырады. Зерттеушілер зерттеулердің міндеттері мен мақсаттарына сәйкес келісімшарт негізінде белгілі бір кезеңге тартылады.

Түркі Академиясы персоналын Президент тағайындайды.

## **5-бап**

Академия Президенті Академияның қызметі туралы есеп дайындайды және оны Түркі Кеңесінің Бас Хатшысы арқылы МБК-нің қарауына ұсынады.

## **6-бап**

Тараптар Президент арқылы Академияға Қазақстан Республикасының Үкіметімен Қазақстан Республикасының аумағында Түркі Академиясын орналастырудың

шарттары мен тәртібі туралы келісім жасасу құқығына уәкілеттік береді, оның жобасы Түркі Кеңесінің Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде (бұдан әрі «СІМК» деп аталатын) алдын ала мақұлдануға тиіс.

Академия өз мақсаттарын іске асыру үшін халықаралық құқық абілеттілігін пайдаланады, оның ішінде:

- халықаралық шарттар жасасу;
- мүлікті иемдену және иелену;
- сотта қуынушы немесе жауапкер болу;
- шоттар ашу және ақшалай активтерді транзакциялау.

## 7-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдар болып табылмайтын Түркі Академиясының Президенті мен вице-президенттері және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық агенттерге 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының 29 - 36-баптарына сәйкес ұсынылатын артықшылықтар мен иммунитеттерді жоғарыда көрсетілген баптарда көзделген көлемде пайдаланады.

Түркі Академиясының штаттағы шетелдік қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттерінің көлемі Қазақстан Республикасының аумағында Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімде айқындалатын болады.

Академияның штаттағы қызметкерлері Түркі Академиясы төлейтін жалақыдан және сыйақыдан ұсталатын салықтан босатылады.

## 8-бап

Түркі Академиясы бюджет жобасын әзірлейді және оны әрбір тармақ бойынша есептермен және негіздемелермен жаңа қаржы жылының алдындағы жылдың бірінші жартысында Тараптардың қарауына жібереді. Тараптар бюджет жобасын мақұлдағаннан кейін, ол СІМК-де бекітіледі.

Тараптардың міндетті жарналарын, Тараптардың төлем қабілеттілігін, БҰҰ-ға төлейтін жарналардың қазіргі мөлшерін және осыған ұқсас өңірлік ұйымдарға төлейтін олардың қолданыстағы жарналарын ескере отырып, СІМК айқындайды. Бұл ретте, қабылдаушы Тараптың міндетті жарналары басқа Тараптардың міндетті жарналарынан кем болмауға тиіс.

Міндетті жарналардың мөлшері СІМК-де қол қойылған жеке хаттамада анықталған. Академияға ерікті жарналар мөлшері шектелмейді.

## 9-бап

СІМК уәкілеттік берген орган жылына кемінде бір рет Түркі Академиясының қаржы-шаруашылық қызметі бойынша тәуелсіз аудит жүргізеді. Түркі Академиясының Президенті уәкілетті органға тәуелсіз аудит жүргізуге қажетті барлық құжаттарды ұ с ы н а д ы .

Тәуелсіз аудиттің нәтижелері бойынша жасалған аудиторлық есепті Түркі Академиясының Президенті барлық Тараптарға жібереді.

## **10-бап**

СІМК шешімімен үшінші тараптар мен халықаралық ұйымдар бақылаушы мәртебесін ала алады.

## **11-бап**

Түркі Академиясының жұмыс тілдері Тараптардың мемлекеттік/ресми тілдері және ағылшын тілі болып табылады.

## **12-бап**

Тараптар осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындауы мүмкін келіспеушіліктерді консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

## **13-бап**

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 14-бабында белгіленген рәсімге сәйкес күшіне енетін жекелеген хаттамалар түрінде ресімделеді.

## **14-бап**

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және депозитарий оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы үшінші жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алғаннан кейін отызыншы күні күшіне е н е д і .

Осы Келісім оған қосылған басқа мемлекеттер үшін депозитарий оны ратификациялау туралы тиісті құжатты алғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап оған басқа түркітілдес мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Келісім осы мемлекеттер үшін қосылу туралы құжатты депозитарий алғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

## **15-бап**

Егер Тараптардың бірі осы Келісімнен шығу туралы шешім қабылдайтын болса, депозитарий дипломатиялық арналар арқылы Тараптың жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткен соң осы Тарап үшін ғана жарамсыз болып қалады.

Осы Келісімнен шығатын Тарап Академияның мүлкіне өз құқықтарынан, оның ішінде зияткерлік меншік құқығынан, Түркі мұражайына сыйға берілген артефактардан немесе басқа да кәдесыйлардан, сондай-ақ Түркі кітапханасына берілген кітаптар мен басқа да сол сияқты электрондық материалдардан бас тартады.

## 16-бап

Қазақстан Республикасы осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

2012 жылғы 23 тамызда Бішкек қаласында әзербайжан, қазақ, қырғыз, түрік және ағылшын тілдерінде бірдей күші бар бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы депозитарийде сақталады, ол оған қол қойған әрбір Тарапқа расталған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін

Түрік Республикасының Үкіметі үшін

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұдан әрі Келісімнің әзербайжан, қырғыз, түрік және ағылшын тілдеріндегі мәтіндері қоса берілген.**